



# АЛТЫН ҰЯ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ БАСЫЛЫМ

Газет 2001 жылдан шығады

• *Өзекті мәселе*

## ТОҚАЕВ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Жақында Білім және ғылым министрі Асқат Аймағамбетов Мемлекет басшының тиісті заңға қол қойғанын, соның негізінде білім беру мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін хабарлады. Бұл қандай өзгерістер?

Сонымен бұдан былай балабақшалар, мектептер мен колледждер мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Министрдің мәлімдеуінше, бұл – ұзақ уақыт талқыланып қабылданған норма.

–Аттестаттау – сыртқы мониторинг және білім беру ұйымдарының белгіленген стандарттар бойынша орындаған жұмыстарын бағалайтын құрал. Ең бастысы, аттестаттау тек проблемаларды айқындаушы репрессивті құрал емес, анықталған проблемаларды жоюға бағытталған нақты ұсыныстар беру тетігі болады. Аттестаттау бес жылда бір рет жүргізіледі. Осы арқылы білім беру ұйымдарында берілетін білімнің сапасы анықталып, ата-аналар, оқушылар мен педагогтер арасында сауалдама жүргізіледі, материалдық-техникалық база, кадр құрамы және басқа да аспектілер бойынша белгіленген талаптарға сәйкестігі бағаланады, – деді А.Аймағамбетов.

Осыған дейін оқулықтардағы олқылықтарға қатысты проблеманы көтерген мақаламызда кітаптар, жалпы, реформалар дұрыс болуы үшін алдымен соған негіз болатын бағдарламалар мен стандарттарды сынақтан өткізу керектігін жазғанбыз. Сол мәселе енді заңмен нақты шешілген секілді. Бұл туралы ведомство бастысы:

–Үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары білім беру процесіне енгізілгенге



дейін міндетті түрде сараптамадан және апробациядан өткізіледі. Осылайша орын алуы мүмкін кемшіліктер анықталады. Бұл – өте маңызды норма. Жаңа оқу бағдарламаларын енгізуге байланысты жұмыстарда асығыстық жасамау керек. Өрине мұндай норма министрлікті шектейді, алайда осы арқылы жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген және сынақтан өткізілген бағдарламаларды енгізудің механизмі жұмыс істейді. Бұдан бөлек оқулықтардың сапасын одан әрі жақсарту, оқу материалдарын әзірлеу кезінде біріділікті белгілеу үшін министрліктің мектеп оқулықтары және оқу-әдістемелік кешендерінің құрылымы

мен мазмұнына қойылатын талаптарды белгілеу құзыретін айқындайтын түзету қабылданды. Аталған маңызды норма оқулықтардың сапасын арттыруға бағытталған, – деді.

Ал келесі өзгерісті заңға енгізуге пандемия тұрті болған сықайлы. Бұған дейін білім беру саласының сарапшылары онлайн оқыту (қашықтан оқытумен шатастырмау керек) форматын «Білім беру туралы» заңда арнайы пункт ретінде қарастырылуы қажеттігін, ақыл-есі сау, бірақ белгілі бір себептермен мектепке қатынай алмайтын балалар да білім алуы тиіс екенін көп көтерді. Сол сөз ескерілгендей. Биылдан бастап...  
*Жалғасы 2-бетте.*

• *Жүйедегі жаңалық*

## АЙМАҒАМБЕТОВ ГРАНТТЫ ӨТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН ТҮСІНДІРДІ



Министрдің айтуынша, мемлекеттік гранттарқылы оқуға түскен студенттердің грантты жұмыспен өтеу шарттары жеңілдетілді. Оның айтуынша, мемлекеттік грант негізінде білім алғандар мемлекет шығынын жұмыспен өтеуді айналып өтудің әдісін тапқан.

«Олар грант арқылы 3-курсқа дейін

тегін оқып, үш жыл бойы стипендия алады. Содан кейін мемлекеттік грантты жұмыспен өтемеу үшін 4-курсқа ақылы бөлімге ауысады», – деп жаады министр Facebook парақшасында.

Осыған байланысты мемлекет жұмсаған шығындарды өтеу бойынша жаңа норма енгізілді. Енді студент қанша жыл грантта оқыса, сол уақыт

аралығындағы шығынды өтейді.

«Студент грантта екі жыл оқып, кейін ақылы бөлімге ауысты делік. Бұл жағдайда студент қанша жыл грантта оқыса, сонша жыл грантты жұмыспен өтеуге міндетті болады. Дәл осы норма, ақылы бөлімнен грантқа ауысқан студенттерге де қатысты», – деді ол.

*Грантты жекеменшік ұйымда істеп те өтеуге болады*

Мемлекеттік грант арқылы оқуға түскен студенттердің грантты жұмыспен өтеу шарттары жеңілдетілді. Енді түлектер тек мемлекеттік мекемелерде ғана емес, жекеменшік ұйымдарда да жұмыс істеп, гранттарын өтейді. Басты шарт – дайындық бағыты (мамандығы) бойынша жұмыс істеуі тиіс.

«Бұл мәселені түлектер жмі көтеретін. Жаңа норма түрлі ұйымдардағы кадр мәселесін шешуге де септігін тигізеді. Сондай-

ақ түлектердің жұмыспен қамтылу мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады», – дейді министр.

*Енді дипломның барлығы біркелкі болмайды*

Сонымен қатар, 2021 жылдан бастап әрбір жоғары оқу орны білім алған азаматтарға жеке үлгісі бойынша диплом береді. Яғни, енді әр жоғары оқу орнында берілетін диплом барлығы біркелкі болмайды.

«Әр оқу орны жеке брендке айналып, студенттер оқу орындарын білім беру сапасына қарай таңдайды. Бұдан былай мемлекеттік үлгідегі дипломдар берілмейді», – деді министр.

Айтуынша, заңсыз немесе жалған құжат айналымына жол бермеу мақсатында тиісті шаралар қабылданды.

*Тағайбек ИСАХАНҰЛЫ.*

# БІРЕГЕЙ BILIM LAND

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқай халыққа Жолдарында қазақстан оқытуын кеңейтілерін атап өтіп, желді түрде онлайн-педагогикалық платформаны дамытуға шақырды. «Қазақстан оқыту ісін ұйымдастыруда Үкіметтің жіберген нәтижелерін жақсы білеміз. Ашықтан айтқанда, әзі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқ. Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар күнделікті WhatsApp және Telegram арқылы тілдесіп отырады. Тез арада оқу үдерісі үшін нақты барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шығару қажет», деп Президент.

Бүгінде әлемде Bilim land (Online maktar), Dayu.online, Orip, «Сфера» сияқты платформалар қолданыста. Бұған қоса WeChat, Zoom, Google Meet, Microsoft Teams, Google Classroom платформалары, WhatsApp, Telegram мессенджерлері қолданылады. Жоғары оқу орнындағы көбі Zoom, Piazza платформаларын пайдаланады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Универ 2.0» атты өз платформасын жасап шығарды.

Қазақстандағы мектептердің 80 пайызы қолданып отырған «Bilim land» компаниясы – электронды білім беру жерінде 10 жылдан астам тәжірибесі бар ұжым. Осы ретте аталған компанияның жетекшісі Сағар Кеңесбауының сөзге тартқан еді.

«Білім ұжым білім беруде нақты нағыз жетістіктермен, оны білім және білім беру технологиялары мен қызметтері тараумен біріктіріледі. Біз ортақ мақсат – біршаға қолжетімді онлайн

білім беру үшін жұмыс істейміз. Соған ішінара екі түрлі жұмыс жобаларымыздың бірі – BilimLand. Іс платформасы Орта білім беру мекемелеріне арналған және – мектеп бағдарламасына сай үш тілде оқырған интерактивті тапсырмалар мен оқыту ресурстарын ұсынып білім алуға. Платформаны жаңалауға байланысты өткен IV тоқсандағы қазақстан оқытуға тәжірибесінде сүйеніп отырып, OnlineMektar платформасын әзірлеп шығардық. Қазіргі таңда қазақстан оқытуға 4 500 мектептің ішінара 3594-і білім платформасына қосылған. Күнделікті 1 млн 821 мың қолданушы сайттың барлық қызметін пайдаланады. Платформа Қазақстандағы №1 сайт десек, арық айтқанда емес», дейді С.Кеңесбауы.

Бизнес-конференциясының сапалы жұмыс істеуі үшін порталдың серверлік құты күшейтіліп, платформаны 4 млн-ден астам қолданушы ешқандай кідіріссіз бір мезгілге қолдану мүмкіндігі жасалды. Сонымен бірге «Bilim land» компаниясы ZOOM бағдарламасын интеграциялап, сайтқа енгізген.

Платформаның сабақтарды әзірлеуге еліміздің орта мектеп мұғалімдері атсалысады. Назарбаев атындағы мектептері мен елдегі жоғары мектептердің мұғалімдері сабақтардан жаңартылған білім беру бағдарламасын пайдалана отырып, сабақ әзірледі. Сабақ мазмұнын терісін тексеру үшін арнайы жүйелі көрсеткіштер, сапалы суреттер мен ағылшынша видеолар, виртуалды зертханалар және бизнес-сабақтар дайындалды. Қазіргі

таңда OnlineMektar платформасында I және II тоқсанды 42 тіл бойынша екі тілде 12 мыңға жуық сабақ, 210 мың жаңа тапсырма, Ақпанда ұсынылған үшінші және төртінші тоқсан бойынша дайын сабақтар сайта жүктелді.

Платформала дүние жүзі бойынша үш жылды бір рет өткізіліп, мектеп оқушыларының білім деңгейін бағалайтын халықаралық PISA жобасының талаптары толық қамтылған. Мұндағы бағалау мақсаты – қазақстандық оқушылардың білім деңгейін әлемдік рейтингте 62-орынға көтеруге.

«Қолданушылармен кері байланыс жүйелі және қойылған. Арнайы байланыс орталығы жұмыс істейді. Көп ұзамайтар мен отандық жұмыс істейді. Соған сәйкес біз сайтта үнемі түсініктер, тапсырмалар енгізіміз. Платформаны мектеп әкімшілігіне, мұғалімдер мен оқушыларға тымалы қызмет ұсынуға барышымызды тиімділікпен, оқыту форматы барышымызды ұйымдастырғандықтан, қолданушылар да белсенділікпен қолданып отыр. Кейде интернет жылдамдығының төмендігіне, байланыс сапасына, құрылымын жұмыс істеуіне байланысты қолданушылар тарапынан мәселелер туындауы мүмкін. Бірақ біз өз қолданушыларымызға үнемі ашықпыз», дейді жоба жетекшісі.

Балбек ТУЛТЕБАЙ.

## ҚАЗҰУ – ДАРЫНДЫЛАР МЕКЕНІ

Шығыстың атықты философия, айналы. Әл-Фараби ибн әл-Фарабидің есімімен аталатын әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті еліміздегі алдыңғы катарлы жетекші жоғары оқу орны, сондай-ақ еліміздің ірі білім және ғылыми орталығы болып табылады.

Қазақ ұлттық университеті өзіннің негізін 1934 жылы қалыптасып отырған Қазақстандағы білім беру жүйесінің (басқа үлгер көрі), университеттік институттардың, кейбір білікті ғылыми және педагогикалық мекемелердің бірігуі – негіз болды. Осылайша білімнің қарындарына, Қазақстандағы білім беру жүйесінің негізін, ескінің көзін көрген, 80 жылға жуық бай тарихы жинақталған ұлттық университетте еліміздің түкпір түкпірінде, ашық – жақын шет елдерден келіп, оқуын жалған студенттер жетерді.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші, ірі әлемдік білім парадигмасы бөлімше қабілетті, әлемдегі он үлгі 800 университет арасында 275-ші орынды иемдене білген. Қазақстанның номері бірінші

университет, сонмен қатар білім мен ғылымның ұлттық қызығарысы. Сондай-ақ халықаралық QS рейтингісі бойынша әлемдік үлгі 250-тен университет қатарына енген 236-орынды иемденді. Университет 180-ден астам гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық мамандықтар бойынша бакалаврларды, магистранттарды, докторанттарды дайындайды. Университет құрамында 13 факультет, 98 кафедралар, 20 ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, Технопарк қызмет атқарады. 2000-нан астам профессорлар, докторлар, ғылым кандидаты мен философия докторлары университетте қызмет атқарады.

Сондай-ақ университеттің оқу өміріндегі ерекше тұлға қызы өмір де бар. ҚазҰУ-да бізге жуық студенттік ұжым жұмыс істейді, олар түрлі тақырыптық бағыттармен, көркем қызығарымыздың бастап, ғылыми жобаларды құрумен айналысады. Әрбір ұжымда өзіндік ерекше атмосфера бар. Оларға кіре отырып, сіз көптеген жаңа ұлыстар, зиялылар және, әрине, жаңа білім аласыз.

ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттерінің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйлықтың пен шынайы достықтың мекені. ҚазҰУ – алдымен тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен.

Қорытындылай келе, 1934 жылдан бастап университеттің ашылуының бастап, бүгінгі күнге дейін ҚазҰУ Қазақстанның көптеген рейтингтерінде еліміз алғашқы позициясын сақтап келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тұлғалары мемлекеттік деңгейде жоғары қызмет атқарады, мемлекеттіміздің барлық салаларында, көптеген танымал компанияларда еліміздің өркендеуі үшін еңбек етеді.

Райсбек ҚАБЫЛБЕК,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және бизнес жолдары мектебінің директоры, профессор С.Т. жетекшілігінен магистрант.

